



**БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА  
ТАРИХЫ, 3-ТОМ.  
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ  
БАСТАУЫ**

Мальбранш



IV Людовик хатшыларының бірінің ұлы Николя Мальбранш Декарт «Әдіс туралы пайымын» жариялаған 1638 жылы дүниеге келді. Жиырма алты жасында, 1664 жылы ол Декарттың жебеушісі кардинал Беруль негізін қалаған Франция риторикасының дінбасылығына өтті және сол жылы Декарт көз жұмған соң жарық көрген «Адам туралы трактатты» оқып шықты. Бұл Рене Декарттың «Дүние туралы трактатының» екінші бөлігі болатын «Оның бұл кітапқа тәнті болғаны соншалық, – дейді оның биографы, – жүрегі қатты соғып, кітапты қайта-қайта үзіліс жасай отырып оқуға мәжбүр болды». Ол картезиандықтардың арасында Декартты ең құлай сүйген ізбасарына айналды және өз өмірін айқын да анық идеяларға ұмтылуға арнады.

1674–1675 жылдары Мальбранш өзінің ең маңызды еңбегі – «Ақиқаттан кейінгі ізденісті» жазды, ал 1688 жылы өзінің жүйесін «Метафизика туралы әңгімелерде» қорытындылады. Оның басқа еңбектерінің көбі, 1680 жылғы «Табиғат пен рақым туралы трактаттан» бастап, діни пікірталастарға арналған шығармалар еді. Ол Арнольдпен рақым туралы және Фенелонмен Құдайдың махаббатына дұрыс жол табу жайында пікір таластырып, өз заманының талай белгілі теологтарын жеңді: оның трактаты 1690 жылы тыйым салынған еңбектер тізіміне енгізілді. 1715 жылы қайтыс болар алдында ол Джон Локктың өлімінен кейін жарияланған пікірталасының объектісіне айналды.

Мальбранштың өз еңбектерінде сезімді, зердені, елестету мен ерікті баяндауын Декарт түсініктерімен бірдей деуге болады. Негізгі жаңалығы – идеялар ассоциациясын ми талшықтары жүйелерінің терминдері арқылы түсіндіру. Бұл жүйелердің кейбірі туа бітті саналады: мысалы, тік жар идеясына сәйкес келетін ми талшығы өлім идеясына сәйкес келетін ми талшығымен туа бітті байланысты. Басқа бір жүйелер тәжірибе арқылы қалыптасады: мысалы, сіз бір тарихи оқиғаға қатыссаңыз, сондағы адамдарды, уақыт пен орынды бірге біріктіретін ми жүйесі құрастырылады.

Мальбранш Декарттың дуализмін қабылдады: сана – ойлаушы субстанция, ал материяның мәні – оның кеңеріс екенінде. Алайда ол өзі пір тұтқан тұлғаның сана мен тән арасындағы өзара байланыс туралы түсінігін жақсартуға талпынды, бұл ұзақ уақыт бойы Декарт жүйесінің ең әлсіз нүктесі саналған еді. Мальбранш Декарттан гөрі жүйелірек пайымдап, сана – таза ой, ал материя – таза кеңеріс болса, олардың бірде-бірі екіншісіне әсер ете алмаған болар еді деп тұжырымдады. Сана мен тән қатар жұмыс істейді, алайда өзара әсер етпейді. «Маған рухани тіршілік етуші еркінің дүниедегі ең кішкентай денені қозғалтуға дәрменсіздігі толық дәлелді секілді». Мысалы, қолымызды қозғалтуда еркіміз бен қол қозғалысының арасында ешқандай қажетті байланыс жоқ екені айдан анық. Әрине, мен қозғалтқанда, қолым қозғалады, бірақ мен қозғалтқандықтан емес. Егер қолымды қозғалтқан шынымен мен болсам, мұны қалай жасағанымды білер едім; бірақ мен саусақтарымды қалай жыбырлататынымды түсіндіре де алмаймын.

Егер қолымды мен қозғалтпасам, кім қозғалтады? «Құдай, – дейді Мальбранш, – Құдай – жалғыз ақиқат себеп». Мәңгілік атаулыдан ол не болуы тиіс және қашан болуы тиістің бәрін қалады. Сондықтан ол менің қалауымның еркін және дәл сол уақытта менің қолымның қозғалысын қабыл етті. Менің қалауым – себеп емес, алайда Құдайға себеп жасауға сылтау ғана береді. Осы себеп Мальбранштың жүйесінде «кездейсоқтық» деп аталады. Денеге әсер етпейтін сана ғана емес; оған басқа тән де әсер ете алмайды. Егер денелер соқтығысып, бір-бірінен алыстаса, іс жүзінде «олардың әрбірі сәйкес сәттерде сәйкес орындарда болсын» деген Құдайдың қалауы орындалып жатыр. «Мынадай қайшылық бар: бір денені басқа дене қозғалта алмайды».

Егер денеге сана әсер ете алмаса, оған басқа дене де әсер ете алмаса, бәлкім, дененің өзі санаға әсер етер? Әдетте біз санамыз дүниеден өз сезімдеріміз арқылы үнемі мәлімет алып отырады деп ойлаймыз. Мальбранш «біздің идеяларымыз олар бейнелейтін денелерден туындайды немесе оларды біз жасаймыз» деген пікірді терістейді. Олар Құдайдан тікелей туындайды, тек сол ғана біздің зердемізге себепті әсер етуге қабілетті. Егер мен саусағымға ине шаншып алсам, ауырсыну инеден туындамайды: оны тікелей Құдай тудырады. Біз бәрін Құдайдан көреміз: кеңістіктің денелер орналасқан орта екені сияқты, Құдай – сана өмір сүретін орта. Джон Локктың ашу-ызасын тудырған да дәл осы ілім.

Аугустин бастаған христиан ойшылдары «адамдар Құдайдың ақыл-ойындағы идеялар хақында қандай түрде болсын пайымдай отырып, мәңгілік ақиқаттар мен адамгершілік



заңдарды көреді» деп есептеді. Осы тұжырымды ұсынса, Мальбранштың беделі Аугустинмен бірдей болар еді. Алайда өзгермелі материалдық объектілер туралы біздің біліміміз тікелей Құдайдың құдіретті сәулесіне тәуелді деу – жаңалық еді. Түптеп келгенде, Құдай – материалды немесе өзгермелі емес: Құдайда бар нәрсенің бәрі – ақылмен игерілетін кеңөрістің таза идеясы. Кеңөрістің мәңгілік құдіретті архетипін қабылдау бізді қоршаған дүниеде қозғалып және өзгеріп отырған денелердің шартты тарихы туралы қандай да бір білім бере ала ма?

Мальбранш берген жауап мынадай: кеңөрістің архетипін көре отырып, біз материалдық дүниенің ретін басқарып отырған Декарт физикасының барлық заңдарын да түсінеміз. Ғаламның шын үрдісін болжамдауға осы жеткілікті болуы үшін заңдар екі шартқа сай болуы керек: олар қарапайым заң және жалпы заң болуы тиіс. Бұл – Мальбранштың «Табиғат пен рақым туралы трактатының» тақырыбы:

«Құдай өз даналығының сарқылмайтын қазынасы аясында дүниелердің шексіз байлығын (ол белгілей алатын қозғалыстардың міндетті түрде туындайтын салдарлары ретінде) аша отырып, қарапайым заңдар арқылы құрылып, сақталуы мүмкін, оны жасауға немесе сақтауға қажетті тәсілдердің қарапайымдығы тұрғысынан алғанда ең кемел болуы тиіс дүниені өзі құрастырады».

Мальбранштың пікірінше, қозғалыстың екі заңы бүкіл физикалық құбылыстарды түсіндіре алады – біріншіден, қозғалыстағы денелер өз қимылын тіке сызық бойынша жалғастыру үрдісіне ие; екіншіден, екі дене соқтығысқанда, олардың қозғалысы екеуінің өлшеміне сәйкес екіге бөлінеді.

Мальбранштың іргелі заңдардың қарапайымдығы мен жалпылығына сенімі біздің сыртқы дүниені танып-білуіміздің эпистемологиялық мәселесін ғана емес, рақымды Құдай жаратқан нәрселердің арасында зұлымдықтың кездесетіні туралы моральдық мәселені де шешеді. Құдай дүниені қазіргіден де кемел етіп жасай алар еді; мысалы, Жаратушы Иеміз біздің жерімізді құнарлы ететін жаңбыр ешқандай мақсатқа қызмет етпейтін теңізге жауғаннан гөрі, өңделетін жерге үнемі жауатындай етіп жасай алар еді. Алайда мұны жасау үшін оған заңдардың қарапайымдығын өзгертуге тура келер еді және де заңдарды белгілегеннен кейін олармен қайтадан әуре болу Құдайдың деңгейіне лайықсыз іс; заңдар барлық жер үшін ғана емес, барлық уақыт үшін де жалпы болуы тиіс:

«Егер жаңбыр тек белгілі бір жерлерге ғана жауса, басқаларды күн қатты күйдірсе; егіске жағымды күн райынан соң сол егісті құртып жіберетін бұршақ қатар жауса; егер сәби дүниеге кемтар болып туып, еш пайдасыз басы кеудесінен өсіп тұрса, мұны Құдай ерекше бір өсиеттер арқылы жасады деген сөз емес; бұл – оның қозғалысты жүйелеу үшін заңдар тағайындағанынан, осы салдарлар – олардан туындаған қажетті салдарлар».

Мәселе Құдайдың құбыжықтарды жақсы көретінінде немесе оларды тудыратын табиғат заңдарын ойлап шығаратынында емес, мынада: ол қарапайым заңдар арқылы бұдан кемел дүние жасай алмады. Зұлымдық мәселесіне жол ашар кілт – Құдайдың жекелеген ерікке сүйеніп емес, жалпы заңдарды негізге алып әрекет ететінін түсіну.

Мальбранштың «Құдай аянның жекелеген көріністері бойынша емес, табиғаттың жалпы заңдарына сүйеніп әрекет етеді» деген ілімі теологтардың ызасын келтірді, олар бұл ұстаным ғажайыптардың пайда болуы туралы библиялық және дәстүрлі әңгімелермен үйлеспейді деп есептеді. Бұл қателік зор күнә деп саналып, оны дәуірдің көрнекті епископы Боссет 1683 жылы Франция патшайымы Мария Терезаны жерлеу кезінде айыптады.

## Спиноза

Протестанттық Голландияда Декарт идеясын Мальбранштан да батылырақ дамытқан еврей философы пайда болды. Барух Спиноза 1632 жылы Амстердамда алдыңғы ғасырда Португалиядан қоныс аударған ауқатты саудагердің отбасында дүниеге келді. Оның әкесі, еврейлер қауымының белді мүшесі Майкл Спиноза баласының иврит тілін меңгеруіне, раввиндердің жергілікті мектебінде оқып, Киелі кітап пен Талмудты зерттеуіне жағдай жасады. Майкл 1654 жылы дүниеден өткенде Барух коммерциялық фирманың жұмысын ағасымен бірге мойнына алды, алайда оны философиялық және діни пайымдаулар көбірек қызықтырды.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 8. Мальбранш

Португал, испан және голланд тілдерін бала кезінен білетін ол өзін Декарт еңбектерімен таныстырып, ойының дамуына айтарлықтай ықпал еткен, христиан дінін қабылдаған дәрігер Фрэнсис Ван ден Энденнен латын тілін үйрене бастады.

Спиноза жасөспірім кезінде еврейлердің діни іліміне күмәнданды, ал есейе келе еврей салттарының басым көпшілігінен бас тартты. 1656 жылы ол синагогадан аластатылды, Құдайға сенетін еврейлерге онымен сөйлесуге, хат алысуға және бір бөлмеде отыруға тыйым салынды. Ол линзаларды өңдеу ісін үйреніп алды да, көзілдірік және тағы басқа оптикалық бұйымдар жасай бастады. Бұл мамандық оның бос уақытының болуына, ғылыми пайымдаулар мен зерттеулерге уақыт табуына мүмкіндік берді; сонымен қатар осы қызметінің арқасында ол өз еңбегімен күн көрген ежелгі дүниеден бергі алғашқы философ болды.

1660 жылы ол Амстердамнан Лейденнің маңындағы Рейнсбургке көшті. Сол жылы Лондонда Король қоғамы құрылып, оның негізін қалаушы әрі хатшысы Генри Ольденбург Спинозаға хат жазып, Декарт пен Бэконның жүйелері туралы жазбаша философиялық пікір алысуға шақырды. «Король қоғамы, – деді ол, – өз күш-қуатымызды эксперименттер мен бақылауларға жұмсайтын және негізінен механикалық өнерлер тарихын құрастырумен айналысатын философиялық колледж».

Рейнсбургте 1661 жылы болған голландиялық саяхатшы бұл мекендегі өмірді сипаттап: «Бұрын христиан болған бір еврейді енді атеист десе де болады. Оны Көне Өсиет мазаламайды. Ол үшін Жаңа Өсиеттің де, Құранның да, Эзоп аңыздарының да маңызы бірдей. Бірақ басқа адамдармен қатынаста ол өзін адал ұстайды, ешкімге зияны жоқ және телескоптар мен микроскоптар құрастырумен айналысады», – деп жазған екен.

Иудейлер шіркеуден аластаған соң Спинозаның христиандықты қабылдағаны жайлы ешқандай дәлелдер жоқ, алайда дін туралы еңбектерінде ол Иисусты еврей пайғамбарларынан жоғары қояды.

Осы кезде Спиноза өзінің алғашқы еңбегін – «Түсінуді жетілдіру туралы» трактатын жаза бастады. Бұл еңбегін ол аяқтаған жоқ, өмірден өткенінше жарық та көрмеді. Ол Декарттың интеллектуалдық қайта өзгеруді баяндау және зерттеу тақырыбын анықтау әдісі туралы «Әдіс туралы пайым» шығармасына ұқсас еді. Спиноза «Құдай, адам және бақыт туралы қысқаша трактат» деп аталатын жеке сипаттағы еңбегін де осы кезде жазған сияқты, ол 1851 жылға дейін белгісіз болды.

1663 жылы Спиноза Декарттың «Философия негіздерін» салтанатты түрде «геометриялық формада» баяндап, жариялады. Декарттың өзі анықтамалар мен аксиомалардан ақиқатты туындатудың геометриялық әдісін өте жоғары бағалады, сондай-ақ «Метафизикалық толғаныстар» еңбегіне қарсы пікірлердің екінші топтамасында он анықтаманы, бес постулатты және он аксиоманы ұсынды, олардың арасынан Құдайдың бар екенін, сана мен тәннің арасындағы нақты айырмашылықты көрсететін төрт тұжырым дәлелденген. Спиноза бұл жобаны жеке шәкірт ретінде әрі қарай жалғастырып, өзінің досы, Лейден университетінің докторы Лодейк Мейердің өтініші бойынша «Философия негіздерінің» алғашқы екі кітабының кітабына жазған ескертпелерінің толық нұсқасын жасады.

Спиноза Декарттың анықтамалары мен аксиомаларын кеңейтіп, елу сегіз сөйлемді дәлелдеді, олардың алғашқысы – «өзіміздің тіршілік етіп отырғанымызды білмейінше, біз ештеңеге толық сенімді бола алмаймыз», ал соңғысы – «егер белгілі бір денені аз ғана күш жұмсап, кез келген бағытта қозғасақ, онда оны қозғалу жылдамдығы бірдей денелердің қоршап тұрғаны сөзсіз». Сипаттама әдеттегідей өте дұрыс, бірақ басылымның алғысөзінде Мейер оқырмандарды Спинозаның ерекше көзқарастары Декарттың ойларымен барлық жағынан үндес деп түсінуге болмайтынын ескертті. Мысалы, Спиноза Декарттың ақыл-ой философиясынан алшақтады: ол зерде мен еріктің бір-бірінен айырмашылығы бар екеніне, Декарттың тұжырымы деп есептелетін «адам – еркіндікке рақаттануға жаратылған тіршілік етуші» дегенге сенбеді. Спинозаның қарқынды дамып келе жатқан өзіндік философиясына тән бірқатар идеялары «Метафизика туралы ойлар» деп аталған геометриялық экспозицияға қосымшада баяндалды.

Спиноза 1663 жылы Гааганың маңындағы Воорбургке көшті. Астроном Кристиан Гюйгенс осы қалаға 1665 жылы келіп, Спинозамен кездесті. Екеуі микроскоптар мен телескоптарды талқылап, Юпитер планетасын бақылады. 1665 жылы ол өзінің иудаизмнен шығып кеткені



үшін ақталған апологиясын жазу туралы шешімге келді: бұл еңбек Библия мен саяси теорияны сынаған әлдеқайда үлкен туындыға – «Діни-саяси трактатқа» айналды, ол 1670 жылы жасырын түрде жарияланды.

Трактатта Еврей библиясының мәтіндері мұқият зерттелген, ал біздің қолымызда бар мәтіндер дәуіріміздің V ғасырынан берірек жасалған көне материалдан құрастырылған. Қасиетті кітаптар канонының Маккавейлер дәуірінен ерте жазылғаны жоқ және Моисейді Бес кітаптың, немесе Давидті Псалманың авторы деп есептеу ақымақтық болар еді. Қасиетті жазушылар деп жүргеніміз – өздері өмір сүрген жерлер мен дәуірлердің жемісі, көзқарастары мен ойлары әртүрлі наным-сенімдерге толы надан адамдар болғаны өзінен-өзі түсінікті. Егер пайғамбар шаруа немесе жер жыртушы болса, өгіз туралы жазды; ал патша сарайының қызметшісі тақ туралы әңгімеледі. «Сұхбат жүргізуші Құдайдың ерекше әңгіме өрбіту мәнері жоқ, бірақ оны баяндаушының зердесіне, қабілетіне қарай ол білімсіз, қатал, қолапайсыз, мылжың және түсініксіз болып көрінуі мүмкін».

Пайғамбарлардың кемшіліктері олардың өз міндеттерін – ақиқатты үйрету емес, бойсұнуға жетектеуді атқаруына кедергі болмады. Библияны ғылыми мәлімет ретінде қарастыру қисынсыз болар еді; солай ететін әрбір адам Күннің Жерді айналатынына және пи-дің 3-ке тең екеніне сенетін болады. Ғылым мен Діни кітаптың қызметтері әртүрлі, олардың ешқайсысы да басқаларынан асып түспейді. Теология ақыл-ойға немесе ақыл-ой теологияға қызмет етуге міндетті емес.

Киелі кітаптан үзіндіні оның өзімен байланыстыра қарастыру керек: тұжырым негізделмеген, сондықтан оны метафориялық тұрғыда түсіну қажет деуге болмайды. Тек мына мағынада ғана Құдай – Киелі кітаптың авторы: оның іргелі тұжырымы – Құдайды сүюді және жақыныңды өзіңдей сүюді бәрінен жоғары қою Көне Өсиетке де, Жаңа Өсиетке де ортақ ақиқат діннің тұжырымы. Еврейлер Израильде биліктің ерекше формасы үстемдік еткен кезде өмір сүргенде ғана Құдайдың таңдаулы адамдары болды: қазіргі уақытта «еврейлерде өздеріне басқа адамдардан асып иемденетіндей ештеңе де жоқ».

Егер сіз Киелі кітапта баяндалған барлық оқиғаларға сенсеңіз, бірақ олардың түпкі мәнін толық ұқпасаңыз, Софоклды немесе Құранды жақсылап оқып алыңыз. Екінші жағынан, ақиқат және таза өмір сүріп жатқан адам Киелі кітапты білмесе де, толығымен Құдайдың рақымына бөленген, бойында Христтің рухы бар адам. Бірақ кімде-кім оны қалай оқу керек екенін түсінсе, Інжіл кедергі болмауы тиіс. «Еврейлер, – дейді Спиноза, – маңыздылығы аздау себептер туралы айтпайды, алайда бәрін Құдайға аудара салады; мысалы, олар сауда-саттық шаруада ақша жасағанда оны Құдай берді дейді. Сондықтан Інжілде «Құдай көкті ашты» деп жазылған сөйлем «жаңбыр қатты жауды» дегенді білдіреді; Құдайдың Нойға «садағымды бұлтқа түйредім» дегені – күннің сәулелері мен судың тамшыларының сынуын, соның бейнеленуін жеткізудің тағы бір тәсілі».

Трактат мұқият негізделген, сыпайы баяндалған. Кітаптағы әдеби жанрларды сыни тұрғыда қарастыра отырып, Спиноза діндар протестанттар XIX ғасырда «Інжілді басқа кез келген кітапты оқығандай оқу керек» және құдайшыл католиктер XX ғасырда «Інжілді түсіндірушілер Шығыстың алыс жатқан ғасырларының рухына қарай артқа жүргені жөн» деген сияқты айтуға тиіс пікірлерді өзі өмір сүрген заманда-ақ айтып тастады. Дегенмен Көне Өсиетті либералды түсіндірген кітап еврейлердің ғана емес, голландиялық кальвинистердің де қатты қарсылығын тудырды, олар бұл еңбекті бірнеше синодтарда айыптады. Алайда басқа замандастарына кітап қатты ұнап, тамсандырды және оның авторының кім екені белгілі болғанда, Спинозаның беделі халықаралық деңгейге көтерілді.

Нәтижесінде 1673 жылы Спинозаға Гейдель университетінің философия кафедрасын басқару туралы ұсыныс жасалды. «Сіз философиялық ілім саласында мейлінше толық еркіндікке ие боласыз, – деп уәдесін берді электордың хатшысы, – билеушіміз оны теріс пайдаланбайтыныңызға, көпшілік қабылдаған дінді бұзбайтыныңызға сенімді». Алайда Спиноза сақтық танытып, ұсыныстан сыпайы түрде бас тартты:

«Менің ойымша, біріншіден, егер жас студенттерді оқытуға келісім берсем, философиялық ізденістерімнен бас тартуға тура келеді. Екіншіден, егер мен жалпы қабылданған дінге кедергі келтірмесем, философиядан сабақ беруге де шек қойылмайды деп ойлаймын».



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 8. Мальбранш

Спиноза ешқандай академиялық қызмет істеген жоқ және ешқашан үйленбеді. Ол оңаша, алайда жайлы өмір сүрді, анда-санда ғалымдарға барып, өзінің оларға деген құрметін білдіріп тұрды. Мысалы, 1676 жылы Г.В. Лейбницпен кездесті.

Спиноза өзінің негізгі еңбегі «Геометриялық реттілікпен дәлелденген этиканы» асықпай жазды. Оны 1675 жылы аяқтап, басып шығару мақсатымен кітаптың мәтінін өзімен бірге Амстердамға ала барды; бірақ достары кітап жарық көрсе, атеист ретінде қудалануы мүмкін екенін ескертті. Спиноза кітабын үстеліне қайтадан тастап, «Саяси трактат» жазуды бастап кетті; бірақ ол, басқа да көптеген жобалары сияқты, өзі өмірден өткенше аяқталмай қалды. Ол 1667 жылы линза жасаумен айналысатын мамандарда әйнек шаңын жұтқаннан пайда болатын қауіпті ауру – құрт ауруынан қайтыс болды. Спинозаның «Этикасы», «Саяси трактаты», сонымен қатар, «Ақылды жетілдіруі» мен бірқатар хаттары ол дүниеден өткен жылы жарық көргенімен, сол уақытта Голландия мемлекетінде бұл еңбектерге тыйым салынды.